



Мал өсірушілерге арналған ұсыныс! Ауыл шаруашылығы малдарын чиппен белгілеу жөнінде

Ауыл шаруашылығы малдарын чиппен белгілеу (электронды түрде таңбалау) – электронды сәйкестендірудің қазіргі заманғы технологиясы. Жануарларды таңбалаудың әр түрлі тәсілдері көптеген жылдар қатарынан практикада қолданылып келеді, сондықтан малға ен салу, сәйкестендіру қажет екені сөзсіз. Алайда тек чиппен белгілеу ғана барлық қойылатын талаптарға сай келеді – енді қолдан бұрмалап салу, нөмірін ауыстыру мүмкін емес, нөмір малмен бірге өмір бойы сақталатындығына кепілдік беріледі, чип малдың денсаулығына еш залал келтірмейді, ресім өте тез орындалады.

Чиппен белгілеу малшыларға мынадай қолайлылық пен үнемділік жағдайларын ұсынады:

- қайтадан сәйкестендірудің қажеті болмайды;
- әр малға жеке күтім жасауға болады – емдеу, азық беру кезінде т.б.;
- жануарларды ауыстыру немесе ұрлау мүмкін емес.

Чиппен белгілеуді әр түрлі жастағы ұрғашы, еркек малға, жаңа туған төлге немесе ересек малға, дене массасына, жыл мезгіліне қарамастан, кез келген уақытта, кез келген малға қолдануға болады. Бұл өте қарапайым және ауыртпай жасалатын ресім, анестезияны қажет етпейді, күрделілігі жануарларға екпе жасағанмен бірдей.

Электронды таңбалау жүйесі үш бөліктен тұрады:




- Микрочип немесе микрочипті құлақ таңбасы
- Сканирлеуші құрылғы (сканер)
- Деректер қоры

Чиппен белгілеу шаруашылықтарға, әсіресе асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын қожалықтарға мал басын 100% есепке алуға, әр малдың күйін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Жануарларды ауыл шаруашылығында электронды таңбалау жүйесі табындағы әр малға жеке күтім жасауды қамтамасыз етеді. Микрочиптер көмегімен сәйкестендірілген малды тани отырып, олардың ішінде қайсысы бөлек емдеуді қажет ететіндігін тиімді анықтауға болады, салмағы мен өнімділігін ескере отырып, жеке азықтандыру тәртібі мен ем қолданып, сау және таза тұқымды мал өсіруге мүмкіндік жасалады.

Ауыл шаруашылығы малдарын чиппен белгілеудің бірнеше мүмкіндіктері бар:

- Микрочиптерді тері астына енгізу малдың барлық түрлеріне, ірі қараға, қойларға, шошқаларға, бұғыларға, балықтар мен басқаларына қолданылады. Шағын көлемді микрочиптермен салыстырғанда биоүйлесімді шыныдан жасалған капсуладағы микрочип индуктивтілік шарғысының үлкендігімен ерекшеленеді, бұның өзіндік практикалық маңызы бар (алыс қашықтықтан оқуға болады). Салыстыратын болсақ, егер ұсақ үй жануарлары үшін сәйкестендіру қашықтығы сканер типіне қарай 12-20 см болса, ауыл шаруашылығы малдары үшін 45 см-ге дейін. Микрочипті ауыл шаруашылығы малына енгізу жолы үй жануарларына қолданғанмен бірдей. Мүйізді ірі қара мал мен ұсақ мал (қой-ешкі) үшін микрочип енгізудің мынадай тәсілін қолдануға болады: микрочип құлақ түбіне (шошқа, қой, ешкілерге) немесе құлақ ішіндегі қалқанша тәрізді шеміршекке (ірі қара малға) немесе мына сызбаларға сәйкес енгізіледі:

Түрлі жануарлар ағзасына микрочипті инъекция арқылы енгізу сызбалары

Ірі қара	Тері астына. Мойынның оң жағындағы төменгі алқымына	
Ұсақ мал	Тері астына. Мойынның құлақтың артындағы жоғарғы бөлігі	
Жылқы	Бұлшық етіне. Жалының астындағы мойынның орта тұсына малдың көлденең тұрқына перпендикуляр түрде	

Микрочиптің 15 таңбалы сандық коды болады. Мұндағы алғашқы 3 сан – елдің сандық коды, келесі 4 сан – өндірушінің коды, одан кейінгі 8 сан – жануарлардың жеке коды. Бізден

сатып алатын чиптер ISO 11784 және ISO 11785 стандарттарына сәйкес келеді, ондағы чиптің алғашқы 398 деген саны – Қазақстан Республикасының сандық коды.

Микрочип жадына енгізілетін код жануардың «өмірлік паспортына» айналады, өйткені бұл ақпарат ешқашан өшірілмейді, кодты қайтадан бағдарламалау мүмкін емес.

Чиппен белгілеу ресімі өте қарапайым. Бұл стандартты түрде ауыртпай жасалатын ресім, анестезияны қажет етпейді, күрделілігі жануарларға тері астына екпе жасағанмен бірдей. Ресімді орындар алдында мал дәрігері жануарды қарап шығып, чиптің жарамдылығын растайды. Содан соң имплантация жасалатын орынды зарарсыздандырғыш құраммен өңдейді. Осыдан кейін арнайы шприцтің көмегімен микрочип жануардың денесіне (жануар түріне қарай тері астына немесе бұлшық етке) енгізіледі. Бұдан кейін жануар мен оның иесі туралы ақпарат деректер қорына енгізіледі.

- Малды белгілеу үшін ішіне микрочип орнатылған құлақ таңбалар қолданылады. Бұндай таңбаларға көзбен қарап тез сәйкестендіруге арналған нөмір жазылады. Бұл өте қарапайым және көрнекі тәсіл. Чиппен белгілеуге арналған құлақ таңбалар бағдарламаланады, әр таңбада оқу-жазу микросхемалары болады, олар клиенттің қалауы бойынша ISO 11784/85 сәйкес 15 таңбалы сәйкестендіру нөмірімен кодталуы мүмкін, әр белгінің ISO 11784/85 сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірі (15 таңбалы) болады. Барлық биркалар (құлақ таңбалар) рұқсатсыз ашу кезінде іске қосылатын хабаршымен жасақталған. Бирканы бекіту діңі созылмайды, жарылмайды, бөлінбейді, өте берік. Бирканың сусымалы және шағын көлемі сымдарға, жіптерге, бұтақ-шөптерге ілініп қалудан қорғайды. Таңбалау әдісі барлық ауыл шаруашылығы малдарына бірдей қолайлы және қолдану тәсілі тым қарапайым.

Жануардың тері астына чип енгізілгеннен кейін немесе микрочипі бар құлақ таңбалары қолданылып, сәйкестендіру жүргізілгеннен кейін ақпаратты әрі қарай оқу үшін сканер пайдаланылады.

Ауыл шаруашылығы малдарымен жұмыс үшін арнайы жасақталған сканерлер ұзартылған сырық-антеннамен жабдықталады, ол мал жайылып жүрген кезде де, қыста бір орында тұрған кезде де өте қолайлы. Жинақталған деректер сканерден шұғыл түрде компьютерге жөнелтіледі.

Ақпаратты жөнелту тәсілі мынадай: біршама қашықтықтағы сканирлеуші құрылғы (сканер) индукциялық шарықтың жұмысын электромагнитті сигнал көмегімен іске қосады, ал шарық өз кезегінде сканерге цифрлық кодты жібереді. Сканердің қуаттылығына және микрочиптің өлшеміне қарай ақпаратты оқу қашықтығы 12-45 см-ге дейін. Код сканер дисплейіне шығарылып, сканер типіне қарай сканер жадысына енгізіледі немесе серверге жөнелтіледі немесе сканер дисплейінен деректер қорына қолмен енгізіледі.

Малды стационарлық сканерлермен жабдықталған қақпадан өткізген кезде мал басын, оларды ұстау орындарын, салмағы мен басқа да ақпаратты есепке алу үшін микрочип нөмірлері шаруашылықтың компьютерлік деректер қорына жөнелтіледі. Компьютер арқылы басқарылатын электр қақпалар автоматты түрде қажетті жануарларды арнайы, жеке бағыттарына қарай бөліп, емдеу, егу, сою топтарын қалыптастырады.

Сканердің компьютерге жалғануы жануарлардың күйі туралы электронды жазбаларды жүргізіп, ветеринариялық есепке алуды жеңілдетіп, жүйелеуге мүмкіндік береді.

Сканерлермен жабдықталған алдыңғы қатарлы мал сою орындары микрочиптерді әр тұтас етті (төшкені) өңдеу процесінде жеке бақылау үшін қолданады, бұл шаруашылық жеке есепке алуды және өнім дүкендерге жөнелтілгенше өнім

сапасын бақылауға алуды қамтамасыз етеді. Тауардың тәрелкеге дәмді тағам түрінде келіп түскенінен фермаға дейінгі жолын қадағалап білуге болады, осылайша толық санитарлық бақылау қамтамасыз етіледі.

Чиппен белгілеу технологиясы Ресейде бірнеше жыл қатарынан табысты түрде қолданылып келеді. Қазақстан Республикасында «Ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру ережелері» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес жасалған, ол ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендірудің тәртібін айқындайды. Бұл Ережелерге сәйкес барлық ауыл шаруашылығы малдары жеке нөмірмен таңбалау, чиппен белгілеу, ен салу арқылы сәйкестендіріліп, жануарлар туралы деректер бірыңғай деректер қорына енгізіледі.

Өз шаруашылығыңызда озық сәйкестендіру технологиясын қолдану үшін бізге хабарласып, жұмысыңызға қажетті құрал-жабдықтар туралы толық ақпарат ала аласыз. Микрочиптерді біздің [дүкеннен](#) сатып алған жағдайда сіздің жануарларыңыз туралы деректер біздің [деректер қорымызға](#) тегін орналастырылмақ. Біз сіз үшін малды есепке алудың дербес деректер қорын құрып, жасақтап бере аламыз.

Бізбен жұмыс жасап, біздің [дүкендерімізден](#) шегеріммен алғыңыз келсе, [біздің ветеринарлар туралы деректер қорымызда тіркеліңіз.](#)

Мал өсірушілерді практикалық жұмыстарында микрочиптерді белсенді қолдануға шақырамыз!

